



EGEMEN QAZAQSTAN

Хэм ағай: шеберлік һәм шыңырау

1959 жыл. Мәскеу. Хемингуэйдің «қара екітомдығы» жарық көріп, дүниеден әдеби пейзажды өзгерткен «жер сілкінісі» болды. Ресей жұрты үшін Америка мен Хемингуэй егіз ұғымға айналып, кітапсүйер елдің бәрі жапатармағай Хэм ағайдың суретін қабырғаларына іліп жатты. Тоқылған жемпір киіп, сақал өсірді. Әдеби ортада еліктеу селі қатты жүрді. Жас романтиктер «ұлы Хэм ағайша» өмір сүруді қалады. Алайда әдебиеттанушы Рафат Әбдіғұловтың сөзімен айтсақ, «Хемингуэйге еліктегендердің бәрі Хемингуэйше жазғысы келді. Бірақ ешқайсысы Хемингуэй бола алмады». «Әдебиетке алғаш аяқ басқаннан көпшілікті таң ғалдырған Эрнест Хемингуэй жазуда қандай ерекшелігімен назарға ілікті? Хемингуэй творчествосының қазақ әдебиетіне әсері болды ма?» Осы сұрақтар төңірегінде ой қозғап, әдебиеттің өз адамдарынан сөз сұрап көрдік.



Амангелді КЕҢШЛІКҰЛЫ, сыншы

Хемингуэйден соң көркем прозаның жаңа дәуірі басталды

Мен Хемингуэйдің барлық туындыларын сүйсініп оқыған емеспін. Маған оның жазған шығармаларының ішінен «Үндіс ауылы» сияқты (ақын Нұржан Қуантайұлы осы әңгімені қазақ тіліне өте жақсы тәржімалады) Ник Адамс жөніндегі тырнақалды туындылары, «Шал мен теңіз» әңгімесі мен «Қош бол, қару», «Кімді жоқтап күңіренеді қоңырау» романдары қатты ұнайды. Кезінде Александр Кушнердің «Хемингуэй лениндік идеялардың аясында совет оқырмандарының сүйікті жазушысына айналды» деген сыңайдағы сөздерді айтқанын білемін. Әрине бұл орыс ақынының субъективті көзқарасы. Мен олай ойламаймын. Жұрт мақтап жүрген қаламгердің кейбір дүниелеріне көңілім толмауының себебі мүлде басқада.

Өз басым Хемингуэйдің алғашқы әңгімелерін жақсы көремін. Қалай десек те онда адам жанына әсер ететін кіршіксіз таза сезім бар. Ал кемелдікке

жеткен шақтағы «Фрэнсис Макомбераның ұзаққа созылмаған бақыты» немесе «Килиманджаро тауының қарлары» әңгімелерінде ол тәсілдің көмегіне қатты сүйенеді. Тәсілмен жазылатын туындыларда жасандылық көп.

Шығармаларының кеңес оқырмандарын тәрбиелеуге тигізген әсері күшті, өзі де фашизмге қарсы күрескен суреткер болғандықтан, бір кездері оның есімі елімізде культке айналды. Орыстың кейбір батысшыл жазушылары үйінің төріне Толстойдың емес, Хемингуэйдің суретін іліп қоятын. 1982 жылы Мәскеудің «Көркем әдебиет» баспасы әлемге әйгілі қаламгердің әр-қайсысының көлемі 36 баспатабақ болатын, (670-680 бет) төрт томдық шығармалар жинағын 200 мың данамен жарыққа шығарды.

Әділіне жүгінсек, Америкада Хемингуэйден әлдеқайда мықты жазушылар аз емес. Солардың бірі америка новеллистикасының негізін қалаған – Шервуд Андерсен. Бірінен соң бірі Нобель сыйлығын иеленген Хемингуэй мен Фолькнер творчествосына Андерсен шығармаларының тигізген ықпалы зор. Айтқан сөзіміздің шындық екеніне көз жеткізгіңіз келсе, «Уайнсбург Огайоны» оқып шығыңыз.

Хемингуэйдің жазушылық «генийлігі» оның Ник Адамс туралы алғашқы әңгімелерінен айқын көрініс тапты. Бұл шығармаларда Америкада өсіп келе жатқан баланың айналасындағы өте қорқынышты, сырқатқа шалдыққан әлемді қалай тани бастағаны асқан шеберлікпен суреттеледі. Жазушы Американың палимпсест сияқты, яғни өзге елдің тарихы мен мәдениетінің күлін көкке ұшырып, ондағы жердің бетіне басқа өркениетті орнатып жатқан ел екенін жақсы түсінеді. Кезінде бұл өлкенің қожайындары үндістер болған. Енді бүгін олардың түгі қалмай жер бетінен жойылуда. Жазушы үндіс ауылдарындағы адамдардың тағдыры арқылы күні кешеге дейін осы аймақта тамырын тереңге жіберген басқа өркениеттің өмір сүрген елесін еске түсіреді. Үндістер ауылы туралы әңгімелердің қай-қайсысы да шынайылығымен әсер етіп, көңілінде өшпестей ізін қалдырады. Әсіресе әйелінің қиналғанын көргісі келмеген үндістің өз-өзіне қалай қол салғаны туралы жерлерді оқығанымда тұла бойым түршігіп кеткенін жасыра алмаймын.

Бір қызығы, осындай ғажайып кітаптан кейін Хемингуэй «жоғалған ұрпақ» туралы «Фиеста» деген жасанды роман жазды. Осы шығармадағы кейіпкердің трагедиясы мені аса қатты сендіре алмады.

Хемингуэйдің ең мықты романы – «Сені жоқтап күңіренеді қоңырау». Бұл романды оқып шыққаннан кейінгі алған әсерімді сөзбен жеткізе алмаймын. Шындығында бұл адамның жалғыздығы, оның мына дүниеде ешқандай да тірегі жоқ екені туралы жазылған ғажайып дүние. Өйткені коммунистердің артында да, республикалықтардың артында да, Америка мен Еуропаның артында да тұрған ешқандай шындық жоқ. Бұл туындысында Хемингуэй айналадағы болып жатқан әділетсіздіктермен жаны қайшылыққа түскен ақылды адамның трагедиясын көрсетеді. Шығарманың өзі де керемет жазылған. Диалогтар да шебер өрілген. Ал «Мұхиттағы аралдар» романында жазушы диалогтарды қысқа етіп жазуға тырысып, керісінше жасандылыққа

ұрынады. «Сені жоқтап күңіренеді қоңырау» романында бәрі шынайы, әр сөз, әрбір іс-әрекет, әр деталь өз қызметін мінсіз атқарып тұр. Оның ең басты себебі, ол бұл шығарманы әлі өзіне толық сенімді емес, кемелдікке енді жетіп тұрған шағында жазды. Ал кемелдікке қол жеткізгеніне толық сенімді кезінде жазған дүниелерінде жазушы өзін қатты қызықтап кетеді.

Әрине Хемингуэйдің шоқтығы биік шығармасы «Шал мен теңіз» әңгімесі. Америка мәдениетінде інжілдік мәдениеттің басымдығы күшті. Америка барлық уақытта өз мәдениетін інжілге сәйкестендіріп құруға тырысып келеді. «Шал мен теңіз» америкалықтардың таным-түсінігі бойынша, ескі өсиеттің (Ветхий завет) ізімен жазылған шығарма. Бұл туындыдан ескі өсиетте кездесетін символикаларды таба аласыз. Өмірдің текетірестен тұратынын, онда өз бақытынды табу үшін соңына дейін күресу керек екенін Хемингуэй суреткерлік шеберлікпен жазады.

Бұған дейінгі шығармаларында Хемингуэй пессимизмге салынып, «Жеңімпаз ештеңеге де қол жеткізе алмайды» дегенді үнемі айтып келген болатын. Ал «Шал мен теңізде» керісінше жеңімпаз көздеген мұратына жетеді.

Сөз жоқ, Хемингуэй шығармаларының қазақ прозасына тигізген ықпалы күшті болды. Алпысыншы жылдары әдебиетімізге келген талантты буын Әбіш Кекілбай, Сайын Мұратбеков, Мұхтар Мағауин, Төлен Әбдікұлы, Дулат Исабековтердің туындыларын оқыған болсаңыз, оны анық көре аласыз. Бүгінгі прозаиктердің ішінде де Хемингуэй творчествосынан тәлім алғандар аз емес. Суреткердің «Шал мен теңіз» әңгімесі мен қырғыз жазушысы Ш.Айтматовтың «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» туындыларынан адам рухының мықтылығын көрсетпек болған идеяның үндестігін байқамау мүмкін емес.

Біздің әдебиетімізде сөзге, сөздің кестелілігіне, көркемділігіне қатты мән беріледі. Бірақ ол кейде көпсөзділікке ұласып, шығармаға жан бітіретін, әсерлі ете түсетін психологизм, ситуация, полифония т.с. дүниелер екінші планға кетіп қалып, қазақ прозасына динамика жетпей жатады. Бір адамды сипаттау үшін оның ішкі күйін беру үшін бірнеше бетті алатын көпсөзділікке ұрынған туындылар қазір оқылмайды. Прозаға жана стиль мен ықшамдылықты алып келген жазушы Эрнест Хемингуэйдің «айсбергтің шыңы» теориясын біздің қаламгерлеріміз де жаңа дүниесін бастар алдында есіне алып отырса, ұтылмас еді. Хемингуэйдің айтуынша, егер жазушы өзі жазып жатқан дүниені өте жақсы білетін болса, білетін дүниесінің көбісін жазбай-ақ қойғаны абзал. Егер ол шығармасын шынайы жазатын болса, көп дүние айтылмай қалса да, оқырман оны ішкі түйсікпен сезетін болады. Айсберг қозғалысының ғаламаттығы, оның сегізден бір бөлігі ғана судың үстінен көрініп тұрады. Сол сияқты әдебиетте де көп дүние шығарманың бетіне қалқып шықпай, тереңінде бұғып жатуы тиіс.

Осыдан жиырма шақты жыл бұрын Шыңғыс Айтматов бір басылымға берген сұхбатында жиырманшы ғасырдың ең ұлы жазушысы ретінде екі қаламгерді – Толстой мен Хемингуэйді атапты. Менің ойымша, бұл сөздің жаны бар. Толстой құлашын кеңге сермеген, көркемдікке құрылған прозаны

енді ешкім қайталай алмайтын биік шыңға көтеріп тастады. Хемингуэй болса ықшамдыққа құрылған, айтқысы келген ойын жұмбақтап жеткізетін жаңа прозаның іргетасын қалап кетті. Хемингуэйден кейін әлем әдебиетінде көркем прозаның жаңа дәуірі басталды.

Әмина ҚҰРМАНҒАЛИҚЫЗЫ, әдебиеттанушы
Замана үні

Біз кітап сүйген, кітап оқыған ұрпақпыз. Сондықтан да шетел әдебиетін жас шағымызда іздеп жүріп оқыдық. Тіпті талғамсыз қолымызға түскенін оқыдық. Сонау көне грек аңыздарынан бастап, «Мың бір түн», Шахнаме, Данте, Шекспир, Джек Лондон, Жюль Верн, Сервантес, Дюма, Купер, Бальзак, Уэллс, т.б. ал орыс әдебиетін біз шетелдеп санамайтынбыз. Ал қазір шетел әдебиетін дәл солай тойымсыз, талғамсыз құштарлықпен оқып жатырмын десем, өтірік болар еді. Әсіресе Хемингуэйді қазір бұрынғыдай қызығып оқып кете алмаған болар едім. Өйткені әр жазушы – өз заманының перзенті. Өз заманының үні. Жазушыны тудыратын да, бағалайтын да, өсіретін де, өшіретін де өз заманы. Өз кезінде керемет деп бағаланған туындылар қазіргі ұрпақ көзімен қарағанда іш пыстырар мылжындық деп танылып жатса, оған таңданбаңыз. Мен де Хемингуэйді оған баға берер жаста оқыған жоқпын. Сол кездегі санамызға сіңірген тәрбие бойынша ең кереметі шетел, сонан соң орыс, ең соңында қазақ әдебиеті. Қазақ әдебиеті тек солардан үлгі алу керек, соларға еліктеу керек деп ойлайтынбыз. Ал қазір саралап қарасам, Хемингуэйдің әлемді жалт қаратқан қандай қасиеттері? Ол несімен көзге түсіп, ауызға ілікті?

Біріншіден, еңбекқорлығында, жазуға құштарлығында. 61 жыл өмірінде қалам тартпаған жанры жоқ.

Екіншіден, замана тақырыбын тап басып, дер кезінде көтере білуінде.

Оқырманның көкейкесті арманын, күлтілдеген жарасын көре білді. Бүкіл құрлық бір-біріне жалғасқан соғыстан көз ашпай тұрған кезде, сол бүкіләлемдік соғысты бар шындығымен, сұмдығымен ашып суреттеп бере білді.

Үшіншіден, өзге замандастары әлі романтизмнен ұзай алмай отырғанда, ол реализмге, тіпті модернизмге қорықпай аяқ басты.

Төртіншіден, тілі қарапайым. Әсіре романтика, әсіре поэтика, әсіре героизм жоқ. «Адам – қайда да адам» деген ұлы заңдылықты ұмытпайды. Параллель сюжет. Бір жағында соғыстың сұрқай пішіні, бір жағында сонда да жалғасып жатқан адам-пенде тірлігі. Маған ұнаған тағы бір әдісі –қай жерде жүрмесін (бармаған жері жоқ қой) табиғат суретін мөлдіретіп беруді ұмытпайды. Ғажап контраст. Тамылжыған сұлулыққа сүйсініп те үлгермейсіз, дүлей күш (әлде соғыс, әлде басқа) оны таптап та үлгереді. Оқырман әсері, аянышы, зұлым күштерге жеккөрініші және авторға деген алғысы шексіз.

Міне, бар құпия осында ғана. Тақырыпты дер кезінде таңдай біл және оқырманды нандырып, сендіретіндей әдіс-тәсіл таңдай біл.

Хемингуэй шығармашылығының әсері орыс әдебиетіне қатты тиді. Мысалы, Фадеев. Ал қазақ әдебиеті көпке дейін неологияның құрсауынан шыға алмады. Ол кейіпкерді адам-пенде ретінде суреттеген жоқ. Әлдекімге ұнауға тиіс «герой» ретінде суреттеді.

Дидар АМАНТАЙ,

жазушы

Эрнест Хемингуэй: бірінші

Эрнест Хемингуэй есімі кенет есімізге түскенде, көз алдымызға «Клозери де Лила» кафесінде күні ұзақ отырып шағын әңгімелер жазған жас қаламгер, жақтаулы алакөлеңке бар, фужер көтерген жалғыздық, ашық теңізге бет алып бара жатқан қара қайық, орман ішінде, оңашада мылтық асынып, сүрлеу-соқпақ қуалаған оқшау аңшы, африкалық сафари немесе саванна далаларында жолбарыс атып, арыстан аулаған жаужүрек жазушы, Парижді азат етуге қатысқан қара телпекті жорналшы елестейді.

Ол үлкенді-кішілі шығармаларына қалам тартқанда, жиырмасыншы ғасырдың басында әлем әдебиеті үрдісіне модернизм қосқан түрлі әдіс-тәсілді түгел дерлік қолданды, сонымен қатар жаңа жазу үлгісін қалыптастырды, төл мәнеріне қол созды, түбінде терең ізденістері айтулы табысқа қол жеткізді.

Нақты қандай жаңалық енгізді, стилінде не керемет бар?

Бірінші талап – сөйлем қысқа болуы тиіс, екінші, сөз нақты әрі деректі болғаны жөн, үшінші, әрекет анық жазылуы керек, төртінші, әсірелеуден және синонимнен бас тартқан абзал, бесінші, анық нәрсені ашып айтпай отырып суреттеген не диалогта келтірген дұрыс (атақты «айсберг» тәсілі), алтыншы, кез келген уақиғаны осы шақта бейнелеу қажет (ситуацияда көрсету), жетінші, фальш жібермес үшін білмейтін, көрмеген нәрсе туралы қалам тартпау керек.

Міне, осы жеті талап Эрнест Миллер Хемингуэйді шыңға шығарды. Сөз нақты, деректі, нығыз жағдайда, сөйлем ықшамдалады, әрекет айқындалады, стиль қалыптасады, атмосфера туындайды.

Эрнест Хемингуэй әлем әдебиетіне қатты әсер етті. Габриэль Гарсиа Маркестерден бастап біздерге дейін. Қазақ жазушылары ішінен Хемингуэй ықпалына ұшырағандар қатарынан Мұхтар Мағауинді, Сайын Мұратбековті, Асқар Сүлейменовті, Қалихан Ысқақты, Жұмабай Шаштайұлын айтуға болады.

Ал «Шал мен теңізді» Герман Мелвиллдің «Моби Дик немесе Ақ кит» романына ұқсатамын. Бірақ америкалық автордың әсем жазбаларында фальш та, пафос та жоқ. Шынайылық қана бар. Сосын, эстетика.

Хемингуэй эстетикасында өз басыңнан өтіп жатқандай күй туғызатын (эффект присутствия) алып күш бар. Әрине, оның да әлсіз шығармалары болды. Мысалы, «Жарқабақта, ағаш көлеңкесі астында» («За рекой, в тени деревьев») романы. Ең үздік туындысы – «Түнгі жарық» («Там, где чисто и светло») әңгімесі.

Ол – әрі заманауи, әрі сағынышты шығармалар авторы. Жазғандары – мөлдір. Әңгіме-романдарынан кеше дүркіретіп бірге өткізген дүбірлі мереке жаңғырығын естиміз. Бүгін ол күндерді сағынышпен еске аламыз. Сөз жоқ, данышпан. Толстой тәрізді емес, өзгеше, өзінше кемеңгер, өмір қуанышын жырлаған суреткер, ажал қасіретінен қорықпаған туындыгер.

Ермек ҚАНЫКЕЙ, әдебиеттанушы
Сантьягоның күйін кешкен Хемингуэй

Отанының үлкен қалаларына уақытша аялдап, өмірінің негізгі кезеңін Гаванада өткізген (Куба), үнемі Италия, Венеция, Парижге кетіп бара жататын ол Нью-Йоркті «тұрпайы, алдамшы қала» депті. Оны күндіз де, түнде де ұнатпапты. Қолжазбасын қолтығына қысып, көзілдірігінің қырына қағаз қыстырып, үстінде кілең жүннен тоқылған киімдер, оның сыртынан тыртыстырып пиджак киіп ап мұнда келгенде кездесетін адамдары да санаулы болған екен. Биылғы жыл Нью-Йорк туралы артына қалдырған бұл лепесіне жетпіс жыл, өзінің туылғанына 120 жыл толған Э.Хемингуэй – Америка туралы атап айтарлықтай көп ештеңе жазбаған америкалық жазушысы. Америкада туған және сонда өмірден өткен. Оның басты кейіпкерлері америкалықтар болғанымен, оқиғалық кеңістік өзге өлкелерде өрбиді. Оның Ф.Купер, М.Твен, Т.Драйзер, О'Генри, ал замандастары: Ф.Скотт Фицджеральд, У.Фолкнерлер мен кейінгі ізбасарларынан өзгешелігі осында. Сондай-ақ белгілі өмірбаян: оның замандастарында соғысқа қатыспағандар аз. Өзі де соғысты көрді, майдан кешті, бірақ соғыс туралы жазбады. Дәлірек айтсақ, соғыстың қатыгез картинасын емес, оның салдарынан зардап шеккендердің «бейбіт өмірін» басынан өткізді. Жазушы үшін бастан кешу мен оны жазудың арасында соншалықты айырмашылық жоқ. Бұған «Күн де шығады» (1926) атты алғашқы романы мен кейінгі әңгіме, повестері, ал соның ішіндегі «Қош бол, майдан!» романы тақырыптық тұрғыдан толық дәлел.

Шығармашылық картасына жататын Африка мен Гавана аралдарында, Испания, Италия жерінде, Парижде (оқиғалық кеңістік) дүниеге келген Америка жазушысының әңгіме, повесть, естелік, тіптен сұхбаттарында соғыс тақырыбы жазылмаған. Ол туралы ештеңе демеудің өзіне қаншалық қайрат керек, оны білу мүмкін емес, әйтсе де Хемингуэйдің шығармашылық өмірі соғыс тақырыбынан түбегейлі айналып өтті деуге негіз жоқ. Өзін айтпай-ақ, соғыс жайындағы естеліктердің сұмдық елестері, жан дүниесін азаптаған оның кейіпкерлері майданда өлгендерден де анағұрлым азапқор жандар болды. Бұлар тірі, сонысымен жазаланған. Өйткені, естегілер қабірге дейін азаптауын қоймайды, ал о дүниедегілер фәнидің бұндай машақатынан құтылған. Олар екі дүниенің алдында да азат болғандар. Міне, осыларды неше түрлі әдеби кулықпен шығармаларының кейіпкерлеріне айналдырып, өтірікті судай ағызатын соғысты көрмеген, бірақ соғыс туралы жазатын жазушылар Э.Хемингуэйді көзі тірісінде-ақ қоса азаптады. Содан, өзі айтқандай, жазып отырған оқиға туралы жалпы жұрт білетін белгілі жайттар

жайында ештеңе айтпауды әдетке айналдырды. Әдет сонау соғыс жылдарында басталған еді. Бұл мәнер, термин сөзбен айтқанда, стиль боп қалыптасты. Ол жазушы мен оқырман арасында тең ойын деген болмауы керек, екінші, тіпті үшінші рет оқыса да оқырман жазушыдан бір ұпайға жеңіліп тұрсын деген пікірін әрқашан айтып жүрген. Бұндай ойды, нақтырақ айтқанда, көркемдік қуатты тек уақыт қана таразылайды. Ал уақыт дегеніңіз – көркем шығарма үшін қатал оқырман. Э.Хемингуэй жазып отырғанда уақыт симфониясының құдіретті таяғын кім қай кезде, қашан қолына ұстап сермеп қалса да мәңгілік мұраттың күйін төгіп қоя беретін Иоганн Себастьян Бахтың музыкасындай етіп жазуым керек деп өзіне үлкен талап қойған. Оған тек бір ғана сөз, сөйлем, тіпті сөз арасындағы жалғаулықтарды дәл тапсам болды дейді, ал әрі қарай жақсы жазып кете алатынына жазушының күмәні болмаған. Сөзге еркіндік беріп, аспанға ұшырып қоя бер. Оқиға жайлап қана басталып, адамды мұрттай ұшыратын күйге жеткенше арындап кете берсін, оның бойы балқып, сілесі қатқанша тоқтама. Сонан кейін оқушы еркін тынысын алатын шамаға дейін жеткізе шиеленісті бәсеңдете түс – жазушының бізге айтқан сыры осындай. Бұл өзіне оңай, естіп отырған адамға одан да оңай, бірақ өзінен басқа ешкім де бағындыра алмаған көркемдік талап (шеберлік) болып қалғаны ғана шындық. Мысалы, шал Гольфстримге қайығымен бір өзі ғана шығып жүрді. Күнде жамаудан сау жері жоқ желкенін көтеріп келе жатады. Тас-талқаны шыққан жасақтың құлаған туы сияқты. Бәрі де көріп отыр, күлкі де естіледі. Аяныш етушілер де жоқ емес. Бірақ шал күйреуге жаралмаған. Өзі де күштіні қаншалықты мойындап өтсе, теңіз де сол. Ол жүзінші күні де теңізге жүзіп шығар еді. Сантьяго теңізге шыққан сол 85-ші күні салмағы жарты тонна, ұзындығы он сегіз фут болатын жайын балық қармағын қауып, онымен үш күн теңізде жүзіп, сосын оны гарпунмен түйреп өлтіріп, енді оны өзі қайығына таңып ап, сосын алты бірдей ацуламен айқасып, оның біріншісін гарпунмен жайратып, екіншісінен гарпунмен қоса су түбіне кетіріп, үшіншісі мен төртіншісін ескекке байлаған пышағымен өлтіріп, бесіншісіне пышағын сындыртып, алтыншысын тоқпақпен тоқпақтап жүріп теңіз тереңіне жіберіп, ақыры жұлып тартып тауысқан жайынның қу қаңқасына қарауға дәті жетпей, теңіздің кермек суына көзі жасаурай қарап, оларды жеңгенімен, аяғында олардан жеңіліп, лашығына әрең жетсе де «Бірақ, адам күйреуге жаралмаған».

Адамды құртуға болар, ал жеңуге болмайды» дейтін өз сөзін, әйгілі хемингуэйлік фразаны, жансебіл төзіммен, ісімен, адами күрескерлігімен, содан соң дәрменсіз қарттығымен әдебиет бетінде дәлелдейтінін білді ме? Жалпы, жазушы мен Сантьягоны бөліп қарауға болмайды. «Мен де Клеменсо сияқты сексен бес жасқа келгенге дейін тұғырдан таймаған еркек болып қалсам деймін. Бірақ Берни Барух тәрізді болғым келмейді... Бұл жалғанда бәрі де өтер-кетер, баяғы бет біткеннің сұлуы болған Флойд сияктанып, бір кезде менің де сүйегім қурап қалар. Бас сауғалау деген тек аузынан ана сүті кетпегендердің ісі ғой. Қорғаған шебінді ұстап тұруға болмаған кезде, қайтсең де оны жауға қымбатқа түсіретінің сияқты, бұл өмірден сыйлы болып кететін кезегі келгенде де кім жанын аяп қалатын еді. Өлу – деген

қиын жұмыс емес». Ол осы ойын айтқан кезде 50 жаста және «Шал мен теңіз» жазылуға 2 жылдан астам ғана уақыт қалған болатын. Сантьяго да қорғансыз қарттық пен қорлыққа шыдамай, баланы есіне қанша рет алды, бірақ жеңілуді ойлаған жоқ, ал өлімнен қорқатын адам теңізге шықпайды, оған 4 күнгі арпалыс дәлел. Біз бұл шығарма туралы оның көлемінен де көп дүниелер жазылғанын, айтылғанын қаперге алып қарасақ, жазушының атылып өлуін «мұрагерлікке» жоритындай ыңғай жоқ. Ол атылып өлуден бұрын да өзін-өзі атып өлтірген дейтін ойларды өмірі мен шығармашылығына қарап қисындаған жазушы, қателеспесем Маркес еді. Ол әдебиет айдынына «Шал мен теңізден» кейін талай шықты, бірақ не әкелді? Ол шығармашылығының соңғы жылдарында Сантьягоның күйін кешпеді ме екен? Ол да қорғансыздық пен қарттыққа ымырасыз күрес аша алды. Ол емхана мен әлдебір тасадан қысым жасап, қыспаққа алғандардың алдында жеңілгісі келген жоқ...

Э.Хемингуэй «Шал мен теңізде» адам дейтін жаратылыстың тағы бір қырын табиғатпен, сол табиғаттағы тағы бір алып та сұлу күшпен бетпе-бет келтіре отырып, көп дауыс, көп үнмен терең ашты. Мұнда кейіпкерлер біз ойлағандай аз емес. Шал сөйлеп кеткенде айналасында бейнебір көп адам жүргендей әсерде қаласың. Ол жалғыз емес! Оның құстармен, балықтармен, теңізбен сөйлесуі, өмірінің өткен шақтарына жасаған саяхаттары, мұңы мен махаббаты, өзінен мықтыларға табынуы, содан соң Африка даласы, арыстандармен жүрген түсі, монологтар мен диалогтар – көркемдік қабаттардың астарында жатқан кейіпкерлер әлемі емей не? Ал бір кезде жұбайынан қалған мүліктермен қатар қабырғада ілініп тұратын оның суреті – қараған сайын көңілін босата берген соң шал тығып қойған. Көйлектерінің астында жатқан жұбайының сол суреті – шығарманың ішіндегі айтылмай қалған махаббат дастаны. Демек, бұл повесть – тарихи оқиғалар мен тарихи адамдарды, табиғат пен адамдар арасындағы мәңгілік қарым-қатынастарды, соларды қоршаған зооморфты әлемді, пейзаждарды асқан үнемшілдікпен жазып әрі жазбай кеткен өз уақытындағы қысқа роман!

Сентябрь айында, 85-ші сапарында салмағы 1,5 тоннадай, ұзындығы 18 фут (5,5 метрдей) болатын алып балықты ұстаған Сантьяго Маналинді (баланы, ол шал құр қаңқамен келгенде үш рет жылайды) 12 рет есіне алады, ұлы Ди Маджионы 8 рет, Құдайды 2 рет есіне түсірген 4 күнгі арпалыста, 6 акуланы өлтіріп, 5 рет құлап тұрып, Гавана аралына жетті. (Қаруы: гарпун, пышақ, тоқпақ, румпель). Міне, бұлар «Шал мен теңіздегі» еске алынып, бірақ жазылмай қалған хемингуэйлік жолдар емес пе екен?

Оның кейіпкерлері шетінен табанды, шетінен жаужүрек, атылған оққа да кірпік қақпай қарайтын адамдар, мұның себебі оның өзі сондай адам. Дж.Лондон екеуінің табиғаты мен болмысы және болмыс пен табиғатты саралаулары ұқсас. Бұл жағынан келгенде ол да ешкімге ұқсамайтын жалғыз жазушы болып қалмады.

1929 жылы «Қош бол, майдан!» романын жазған Хемингуэй замандасы, «жоғалған ұрпақтың» өкілі Э.М.Ремаркті қайталаған жоқ, дәлірек айтсақ, оған ұқсамады. Екеуінің де романы 1929 жылы жазылып,

жарияланған. Тағдырлары мен шығармашылық жолдары да бірдей. Бірақ, Э.Хемингуэй алғашқы романымен соғыс тақырыбына өзгеше келгенін айттық, сондықтан аталған романы да соның жалғасы болып шықты. Ал соғысты барлық сұмдық суретімен әшкере еткен «Батыс майданда өзгеріс жоқ» (1929), «Қайтқанда» романдары жазушыға өз сөзімен айтқанда әрі жақсы мағынасында «нені жазбау керегін» сездірді. Ол соғыстың қанды картинасын жасауға талпынған жоқ, оның салдарын жазды. «Күн де шығады» (Фиеста) мен «Қош бол, майдан!» осынысымен өзгеше.

Генри Фредерик пен Кэтрин Баркли арасындағы таңғажайып махаббат –соғыстағы сезім симфониясы. Оның жаныңа шаттық құятын үнінде ұлы өмір жатқан еді. Ол Генри мен Кэттің нағыз махаббатқа бөленетін шағында және басқалардың да осындай жастарында көруге тиіс өмірлерін кімдер тасталқан етіп отыр. Өрімдей жастар қан тілемейді, ол – кекселердің ісі. Жаралы солдаттың жанайқайында өз өмірінде көруге тиіс адами ләззаттардың жоқтауы жатса, тәнін тескен оқтар махаббат үшін тулайтын қанын қара жерге ағызса, ал Кэтке солардың көзіндегі үрейін көруге жазса, демек соғыс әділетсіз.

Адамды жыртқышқа айналдыру қиын емес, ал жыртқышты адамға айналдыру беймүмкін. Махаббаттан, сезімнен айырылған адамдар да айуан сияқты. Соғыс адамдарды сол қасиеттен жұрдай болуға мәжбүр етеді. Соғыстың сол зұлымдығынан қашқан қос ғашық, екі қыршын жас, екі адам – өмірге, тарихқа, ұжданға, отанға қиянат жасаған жоқ, тіпті ондай ойды ойлап көрмеді. Ал соғыстың көзімен қарағанда – қашқын-дезерттирлер.

Кэт те соғыс құрбаны, Генри екі есе соғыс құрбаны. Ол бәрінен айырылды. Ол енді ешкім емес. Ол енді Кэтті таба ма? Ол өзін сақтай ала ма? Ол енді ұрпақ әкеле ала ма? Ол өзі бар ма? Мүмкін, жақсы өмірге жеткен шығар, алайда оның көзінен, есінен Кэттер, өлген солдаттар, соғыс суреттері кете ме? Соғыс жарасы жазыла ма? Міне, осы нәрсе адамдарға жазушының аузымен «Қош бол, майдан!» деген сөзді айтқызығанымен, олар: қайғылар, қасіреттер, зұлымдықтар, өлімдер қоштаспайды екен. Ал өздеріне замандастары «сендер азған ұрпақсыңдар!» деп кінә таққанда, олардың есеңгіреген, араққа тым үйірлігін, тіпті адам өлтіріп жіберетінін, қатыгездігін беттеріне басу үшін айтқан, алайда соған кім кінәлі дегенге ауыздарын ашпайды. Жауап: өзінің, Ремарктің шығармаларында тұрса да...

«Қош бол, майданның» бірде ширеңіп, бірде бәсеңдеп, (қоңыр мұң мен жалынды махаббат сәттерін баяндаған кездерде) үнемі қозғалыс үстінде баяндалатын оқиғалар тізбегінде лирикалық музыкаға тән ырғақ бар. Үзік-үзік үлкен өмір суреттері бар. Романның, әсіресе соңғы тарауын, қырық бірінші тарауды оқу – сол музыканың шырқау шыңға шарықтап барып үзілген қаралы маршын тыңдау. Өте ауыр! Кэттің соңғы сөздері, соңғы әрекеттері аса ауыр, қасіретті көрініс. Генридің, соғыс көрген адамның өмір алдындағы дәрменсіздігі, далбаса, мағынасыз ойларындағы мағыналылық, құр сандалу мен дәмханаларды ойсыз, тілсіз аралау, өткен өмірдің кейбір сұмдық істері (томарды отқа тастап, ондағы құмырсқалардың қырылғанын қарап отырып, өзін олар үшін Тәңірідей сезінгені мен соңғы сәттегі Кэтрин

екеуінің өмірлерімен ойнап отырған тап сондай белгісіз күш, Құдай бардай сезілуі...), ақыры жансыз тәннің жанында жалғыз қалғаны, бұның енді еш мағынасы жоқ екендігі, сосын жауып тұрған жаңбыр астымен отельге кетіп бара жатуы – ешбір пафоссыз соғыс туғызған реальды өмір. Хемингуэйлердің өмірі. Соғыс ұрпақтарының, сол үшін туып, сол үшін өлген, өлмегені – «азған ұрпақ» деген атақ алғандардың өмірі. Енді есіңізге түсіріп көріңізші, Андрей Болконский жұбайы княгиня Лиза толғақ үстінде жатқанда қандай сезімдерді басынан кешуші еді. Ол да майданнан келген болатын. Лиза өзінің көруге тиіс тамаша өмірінің осыншалық ауыр азапқа салғанына жылап жатып Болконскийге «Не үшін?» деген сұрақ қоюшы еді ғой. Ол да өледі. Осы эпизод: Лиза мен Кэт, Андрей мен Генри линиясында үндестік бар. Э.Хемингуэйдің «ақыл-есімнен айырылғанда немесе қол жетпейтін биікке шыққанда болмаса, Толстой мырзаға қарсы сайысқа шығуға өмірі бара қоймаспын» дейтін әйгілі сөзінен классиктерден нені үйренгенін, дұрыс мағынасында қандай әсері болғанын аңғаруға болады. Демек, ол да үлгі көрген үлкен әдебиеттің көп шәкірттерінің бірі.

Жазушы Ж.Шаштайұлының «Шал мен жылқы» деген повесін қолыма алғаш алғанда тақырып таныс болды. Қазақ жазушысының повесі «Шал мен теңіз» романымен тақырыптық жағынан да, құрылымдық жағынан да, көркемдік шешімі жағынан да өзара үндесетін сияқты. «Шал мен жылқыда» шалдың айналасымен қарым-қатынасы, ұлттық мінез-құлқы, соған сай таным-түсінігі, табиғатпен етене байланысқан өмірі, оған шағатын мұңы мен арманы, даланың пейзажы, жылқы мен қазақ, міне осы қос құндылықтың жолындағы күресі, ең соңында, сол жылқының түбіне жеткен өмір теңізіндегі «акула-адамдардың» (Э.Хемингуэй шалдың аузымен акулаларды бірыңғай жаман деп сипаттамаған, оны да өзімен салыстырып бағалап отырды, туысы сияқты) алдында шұжығын қолына ұстап отырғаны жеңіліс емес, бірақ жеңіс те емес еді. Біз көз алдымызға екі шығармадағы екі шалды өзінің көркем кеңістігіне шығарып қойып, әсіресе камералық планда кең бақылап қарасақ, нәзік бір үндестік байқалады. Мұны да нақты мәтіндік мысалдармен дәйектеп, әсер, ықпал, еліктеу деген күйкі сөздерден арашалай алсақ, онда бұл әдеби әсердің, рухани жалғастықтың біздегі мысалы ғана емес, қазақ жазушысының өзінше тапқан өзгеше ұлттық ізденістерінің бір үлгісі. Өкінішке қарай әлем әдебиетіндегі, сондай-ақ қазақ прозасындағы Хемингуэй үлгісінің көбі жұпыны ғана қайталаулардан аса алмаған.

Әдеби әңгімені ұйымдастырған **Маржан ӘБІШ**